

«Нұр Отан» ХДП  
«Жас Отан» Жастар қанатының  
I Съезінде қабылданды  
14.05.2008 ж.

**«Жас Отан» Жастар қанатының  
2008-2011 жылдарға арналған  
іс-әрекеттер стратегиясы**

**Астана, 2008**

## Мазмұны

### Кіріспе

1. Әзірлеменің негіздемелері
2. Ағымдағы жағдайға талдау
3. «Жас Отан» ЖҚ миссиясы
4. «Жас Отан» ЖҚ мақсаты
5. «Жас Отан» ЖҚ міндеттері
  - 5.1. Партия Көшбасшысы – Мемлекет басшысының саясатына қолдау көрсетуде жастарды біріктіру
  - 5.2. Жастарды дамытудың тиімді жүйесін құру
  - 5.3. Жастардың құқықтары мен мүддесін қорғау
  - 5.4. «Жас Отан» ЖҚ қызметіне жастардың ауқымды жігін жұмылдыра отырып, «Нұр Отан» ХДП-ның әлеуметтік базасын кеңейту
  - 5.5. Партия мен мемлекет үшін кадрлық резерв қалыптастыру
6. Іс-әрекеттер стратегиясын іске асырудың механизмдері
7. Іс-әрекеттер стратегиясын іске асырудың кезеңдері
8. Іс-әрекеттер стратегиясын іске асырудан күтілетін нәтижелер

## **Кіріспе**

Осы құжат «Жас Отан» ЖҚ-ның 2011 жылға дейінгі іс-әрекеттерінің стратегиясы (бұдан әрі - Стратегия) және ұйымның барлық бағдарламалық құжаттарын әзірлеп, іске асырудың негізгі құжаты болып табылады.

Осы Іс-әрекеттер стратегиясының өзектілігі «Нұр Отан» ХДП-ның жастар саясаты саласындағы қызметінің тиімділігін арттыру қажеттілігінде болып отыр. Іс-әрекеттер стратегиясын іске асыру партияның «Жас Отан» ЖҚ жастар арасындағы жағдайға ықпал етудің тиімді құралына айналуына жағдай жасайды.

Стратегияны іске асыру барысында «Жас Отан» ЖҚ Қазақстандағы жастар ұйымдарының арасында көшбасшы болып, «Нұр Отан» ХДП-ның саяси тұғырнамасында елдің жастар активін біріктіруді қамтамасыз етеді.

### **1. Әзірлеме үшін негіздеме**

«Жас Отан» Жастар қанатының стратегиясы «Нұр Отан» ХДП бағдарламасын, «Нұр Отан» ХДП-ның «Қазақстанның өсіп-өркендеуі мен қазақстандықтардың игілігі үшін: біз елдің әрбір азаматының өміріне қалай жақсартамыз» Халықтық тұғырнамасын, сондай-ақ 2008 жылғы 17 қаңтарда өткен партия Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» ХДП Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың жүктеген тапсырмаларын орындаудың Кешенді жоспарын жүзеге асыру мақсатында әзірленген.

«Нұр Отан» ХДП бағдарламасына сәйкес партия жастарды елді дамытудың стратегиялық ресурстарының бірі ретінде қарастырады және оның саяси өмірге белсенді қатысуына мүдделі. Осыған сәйкес «Жас Отан» ЖҚ елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінің негізгі бағыттары бойынша орталық болып қалыптасып, жастардың бастамаларын ілгерлетуі тиіс.

Елде жүргізіліп жатқан әкімшілік реформалар мен мемлекеттік басқарудың жаңаруы жағдайында «Нұр Отан» ХДП-ның тиімді саяси құралы – «Жас Отан» ЖҚ-ның мемлекеттік жастар саясаты саласында нығайып, одан әрі өсуі осы Стратегияның өзектілігі болып табылады. Қазіргі қоғамдық-саяси конъюктурада «Жас Отан» ЖҚ жастар арасындағы жағдайға ықпал етудің тиімді саяси тетігіне айналады.

«Жас Отан» Жастар қанатының, жалпы «Нұр Отан» ХДП алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді кешенді түрде іске асыру үшін осы Стратегия әзірленді.

### **2. Ағымдағы жағдайға талдау**

#### **2.1. «Жас Отан» ЖҚ-ның бастапқы ұстанымдарына баға**

Стратегияны іске асырудың маңызды шарты «Жас Отан» ЖҚ-ны ұйымдастырушылық жетілдіру болып табылады. Бүгінгі таңда Жастар қанаты «Нұр Отан» ХДП-ның құрылымдық бөлімшесі болып отыр, алайда

ұйымның жарғылық құжаттарында «Жас Отан» ЖҚ-ның міндеттемелері мен өкілеттіктері көрсетілген жастар қанатының Жарғысы қабылданды.

2007 жылдың төртінші тоқсанында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жүргізген социологиялық зерттеулердің қорытындылары бойынша «Жас Отан» ЖҚ Қазақстанның қоғамдық-саяси ұйымдары жастарының арасында қолдау көрсетудің ең жоғары деңгейіне ие болып отыр. Оны респонденттердің 40,8 пайызы қолдады. Орталық, сондай-ақ аймақтық деңгейде «Жас Отан» ЖҚ партияның жас мүшелерінің, жас депутаттар мен жастардың бастамашылдық қозғалысы ретінде танылып келеді.

«Жас Отан» ЖҚ өз ықпалының деңгейін арттыру үшін түрлі жас топтарының әлеуметтік мүддесінің шын мәнінде қорғаушысына айналуы тиіс. Жастар қанатының жобалары жастардың саяси белсенділіктері мен әлеуметтенуінің шығармашылық зертханасына айналуы қажет.

Бұл үшін «Жас Отан» ЖҚ-ның материалдық та, адамдық та барлық ресурстары бар.

## **2.2. Жастардың елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайы**

Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі Агенттігінің 2008 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтері бойынша жасы 14-тен 29-ға дейінгі жастардың саны 4 569 885 адамды немесе республика халқының жалпы санының 29 пайызын құрайды.

Жалпы жастар санының 57 пайызын қала тұрғындары құрайды. **Жастардың ауылдық жерлерден қалаға көшуі арта түсуде.** Осының салдарынан қалаларда жастар арасындағы жұмыссыздық, маргиналданду мен қылмыскерлікке байланысты мәселелер асқынып келеді. Жастар арасындағы осы үрдіс басқа жастағы топтарға қарағанда басымырақ болуда. Бұл ауылға қарағанда қала өмірінің сапасы айтарлықтай жақсы болуына байланысты. Қалалық өмір салты жастар үшін өз сұраныстары мен мүддесін іске асыру үшін мол мүмкіндіктер береді.

**Жастардың экономикалық белсенділігінің деңгейі 52,2 пайызды құрайды.** Бұл жалпы көрсеткіштен 18,4 пайыз төмен. Жастар арасындағы жұмыссыздық ел бойынша жұмыссыздықтың жалпы деңгейінен 1,3 пайыз артық. Бұл жастардың жергілікті еңбек нарығындағы сұраныстары мен ұсыныстарының және ішкі аймақтық еңбек көші-қонының пропорциясыздығының салдары. Жастар біліктілігінің аздығынан немесе біліктілігінің болмауына байланысты жұмысқа орналаса бермейді.

**Жас жұмыс кадрларының төмен жалақы үрдісі тұрақты сақталып келеді.** Жұмыс істейтін жастардың 21,5 пайызының табыс деңгейі ең төменгі күн көріс деңгейінен төмен; жастардың 41,5 пайызының айлық табысы орта жалақы көрсеткішінен төмен. Қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындарының кедейлік деңгейі өсуде. 2007 жылдың аяғында ауыл халқының кедейлік деңгейі 21,2 пайызды құраса, қалада – 5,5 пайызды құрады.

**Еңбек нарығында білікті жұмысшылар жеткіліксіз:** құрылыста – 9,9 мың адам, ауыл шаруашылығында – 9,6 мың адам, машина және жабдықтар

технологиясында – 7,6 мың адам, қызмет көрсету саласында – 6,8 мың адам жетпейді. Жыл сайын 12-14 мың мектеп түлегі жұмыссыз қалуына қарамастан, экономика техникалық және қызмет көрсету еңбегінде қосымша 100 мың жұмысшыны талап етеді.

Техникалық және кәсіби білім беру жүйесі еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің сұранысына емес, оқытушылардың ағымдағы мүмкіндіктері мен білім беретін ұйымдардың оқыту-материалдық базаның жағдайына бағытталған. Нәтижесінде кадрларды дайындау өндірістің шын мәніндегі сұранысы ескерілмей жүзеге асырылуда.

Республиканың 27 ауданында кәсіби лицейлер жоқ. 113 кәсіби мектептің жатақханасы жоқ. Біліктілігі жоғары инженерлік-педагогикалық кадрлар жалақысының төмендігіне байланысты өндіріске кетуге мәжбүр. Білім беру бағдарламалары көп жағдайда халықаралық талаптарға сай емес. Әлеуметтік серіктестік дамымаған. Ауыл өкілдеріне техникалық кәсіби білім беруді ұйымдастыруда 100 пайыздық ақысыз білім беруді қамтамасыз ету қажеттігі өзекті.

**Бүгінгі таңда Қазақстанда жас мамандарды жұмысқа орналастыру ЖОО түлектерінің өз бетінше жұмыс орындарын іздеуінің нәтижесінде жүзеге асырылып отыр.** Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында жас мамандарды дербес үлестіруді жүзеге асыру қарастырылмаған, ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыру мәселелері мемлекеттік органдардың құзіретіне жатпайды. ЖОО түлектерінің жұмысқа орналасу мониторингісі ресми статистикамен жүргізілмейді.

**Әл-ауқат мәселелері жастардың әлеуметтік бейімделу процесіне әсер етеді және девианттық қылықтың алғы шарттары болып табылады.** Соңғы 5 жылда жастар арасындағы қылмыстың үлесі 10 пайызға өсіп, бүгінгі таңда тіркеуге алынған құқық бұзушылықтардың жалпы санының 33 пайызын құрап отыр. Қылмыс жасаушылар жасының жасару үрдісі тұрақты байқалуда.

**Жастардың қоғамдағы әлеуметтенуінің аспектісі – отбасылық-неке қатынастарын құру сын көтермес жағдайда.** Некенің басым бөлігі нақ жастар арасында қиылады. Жас жұбайылардың басым бөлігінің жеке өмір сүруіне жағдайы, тұрақты жұмыстары мен экономикалық дербестіктерінің болмауы ажырасу деңгейінің өсуіне әкеп соғады.

Жалпы жастар үшін ересек қоғамның барлық мәселелері тән: кәсіби біліктілік, жұмыссыздық, девианттық қылық, қала халқына қарағанда ауыл халқының кедейлігі, отбасылық өмір мәселелері және басқалары.

**Ендеше, жастарды дамытудың тиімді жүйесін жасау, қалыптасу және әлеуметтену процесінде жас азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша «Жас Отан» ЖҚ-ның алдында маңызды міндеттер тұр.**

«Жас Отан» ЖҚ болашақта жұмыс істейтін жастардың жастық өрісі 14-тен 29-ға дейінгі барлық әлеуметтік топтарды қамтиды. Жастар қанатының әлеуметтік және идеологиялық бастамаларын жүзеге асыру барысында адрестік әдіс-тәсілді қамтамасыз ету маңызды, түрлі жастағы топтардың басымдықтарын ескеру қажет.

### **2.3. Жастар саясаты: мемлекеттік және қоғамдық**

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңында жастар мүддесі мен сұранысы ерекше әлеуметтік-демографиялық топқа жатқызылған.

Жастарға рухани, мәдени, кәсіби қалыптасып, білім алуына, дене шынықтыру мен шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға жағдайлар жасауға; мемлекет және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында әлеуметтік қызмет көрсететін үкіметтік емес ұйымдар тарапынан көмек көрсетуге кепілдік келтірілген; әлеуметтік маңызды бастамаларды іске асыру және мемлекеттік жастар саясатын қалыптастырып, оны жүзеге асыруға тікелей қатысу мүмкіндігі қамтамасыз етілген.

Жастардың әлеуметтік әлсіз санатына мемлекеттік адрестік әлеуметтік көмек көрсетуге кепілдік берілген.

Жастар саясатының бірыңғай стратегиясын іске асыруға жастар ұйымдарының қатысуы үшін, жастардың жаңашыл жобаларын енгізу үшін, сондай-ақ жастар ұйымдары бастама жасаған әлеуметтік маңызды бағдарламаларды қызметтік бөлу үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жағдай жасайды. **Жастардың әлеуметтік бастамаларын іске асыруға жыл сайын 1 миллиард теңге шамасында қаражат бөлінеді.**

Жалпы, азаматтық жауапкершілікті дамытудың әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық жағдайларын және Қазақстан жастарының бәсекеге қабілетін жетілдірудің негізі қалыптастырылған.

**Бұған қоса, бүгінгі таңда мемлекеттік жастар саясатын іске асыру міндеті мемлекеттік өкілетті орган – Білім және ғылым министрлігінің ғана міндеті болып отыр.** Өз құзіретіне талқыланып отырған заң ережелерін қамтамасыз ету кіретін министрліктер мен ведомстволардың біреуі де тиісті бағдарламалар мен жобаларда жасаған жоқ.

Білім және ғылым министрлігі орында отырған жастар саясатының қолданыстағы салалық бағдарламасына осы министрлікке ғана емес, басқа да бірқатар мемлекеттік органдарға тән міндеттер шоғырландырылған. Нәтижесінде негізгі мақсат – жастар саясатының жүйелі іске асырылуын қамтамасыз етуге қол жеткізу мүмкін болмай отыр.

Жалпы, Заңда қарастырылған жастар құқықтары мен кепілдіктер бойынша республикалық деңгейде қолданылып жүрген бағдарламалардың маңызды тәжірибелік тиімділігі жоқ.

**Бір ғана өкілетті орган әзірлеген екі-үш бағдарлама заңда кепілдік берілген жастардың құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ете алмайды. Ендеше, қызметі жастар мүддесіне қатысты барлық министрліктер мен ведомстволардың бағдарламаларында жекелей бағыттар мен міндеттер көрініс табулары қажет.**

Жастардың рухани және ізеттілік құндылықтары төмендеу үстінде. Білім беру және тәрбиелеу жүйесінде жастардың қазіргі сұраныстарына сай және жастардың басын мемлекеттік-патриоттық тұғырнамаға тиімді біріктіруді қамтамасыз ете аларлық әдістер пайдаланылмай келеді. ҚР азаматтарын патриоттық тәрбиелеудің 2006-2008 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуына қарамастан осы мәселелер айрықша өзектілігін жойған емес. Бұл бағдарламадағы іс-шаралардың жеткілікті қаржыланбауына және аймақтарда оны іске асыруға деген формальді көзқарастың қалыптасуына қатысты болып отыр.

Осылардың салдарынан дәстүрлі емес діни табынушылықтар мен құрылымды бұзушы ұйымдардың белсенділігі артуда. Тұрғын орындарында локалды топтасқан студенттер, сондай-ақ жастардың әлеуметтік әлсіз жігі (ауылдық жерлерден көшіп келген мигранттар) олар үшін ең тартымды база.

**Жастардың мүддесі мен сұраныстарын қорғауы тиіс құрылымдар мен жастардың арасында «кері байланыстың» нақты жүйесі жоқ.** Бұл жастар мен мемлекет арасындағы өзара байланыстың бұзылуына әкеп соғады. Жастар саясатына қатысты мәселелерді шешуге жастардың ықпал етуінің нақты механизмдері жоқ.

Отырыстары жылына екі рет өтетін Үкімет жанындағы, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың жанындағы Кеңестерден басқа, атқарушы органдардың жастарға қатысты саясатына жастардың ықпал етуінің басқа механизмдері жоқ. Бұған қоса, Кеңестерде қабылданатын шешімдер әрқашан тек ұсыныстық сипатқа ғана ие.

Жастар саясатын іске асыру сапасының күрт төмендеуі – ең үлкен проблема.

**Жұмысшы және ауыл жастарының басым бөлігі бұрынғысынша жастар саясатының қамту аймағынан тыс қалуда.** Жастар саясатын, жастардың мақсатты топтарымен жұмысты жетілдіруге бағытталған идеялар мен жобаларды дамыту қамтамасыз етілмейді. Жастардың түрлі топтарымен әлеуметтік, ақпараттық және идеологиялық жұмыс істеуге бағытталған маңызды жаңа бастамаларға деген үлкен сұраныс сезіледі.

**Мемлекеттік жастар саясатындағы маңызды элемент – қоғамдық жастар ұйымдары.** Олар мемлекет мүддесін жастар арасында қамтамасыз етіп, жастардың сұранысын мемлекеттік деңгейде ілгерлетуі тиіс.

Жастар ұйымдары санының артуы жастардың мемлекеттік емес ұйымдары мен мемлекет арасындағы табысты ынтымақтастықтың көрсеткіші. Тек соңғы жылдың өзінде ғана олардың саны екі есеге дейін өсіп, 700-ге жетті. Алайда, бұл бағытта да тұрақты проблемалық үрдістер жоқ емес.

**Жастар ұйымдарының негізгі серіктестері екі министрлік қана – білім және ғылым, мәдениет және ақпарат министрліктері.** Осы министрліктердің ғана бюджетінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа арнап қаражат қарастырылған. Сөйтіп, басқа министрліктердің салалық ерекшеліктері жастар ортасында көрініс таппаған.

Осының салдарынан, жастар ұйымдарының қызметі негізінен республикалық және облыстық маңызы бар ірі қалаларда тұратын оқушы және студент жастарды қамтиды.

Жастар ұйымдары ең негізгі шығармашылық және интеллектуалдық ресурс. Алайда, бүгінгі таңда **жастар ұйымдарының көпшілігі өздерінің**

**негізгі адрестік тобынан өздігінен кету** жағдайы қалыптасып отыр. Ұйымдар да жастар да өз беттерінше өз мәселелерімен айналысуда, алайда тек жастар ұйымдары тікелей жастар арасында жұмыс жүргізіп, жаңа креативті кадрларды тартып, серпінді де қызықты жобаларды әзірлеп, іске асыруда.

Жастар ұйымдары тікелей жастар арасында жұмыс жүргізіп, жаңа креативті кадрларды тартып, серпінді де қызықты жобаларды әзірлеп, іске асыруы керектігіне қарамастан елде осындай жағдай көрініс тауып отыр.

Қазақстан жастарының Конгресі мемлекеттік органдардың тұрақты серіктестері бола отырып, біртіндеп ауқымды бюрократиялық құрылымға айналуға. Олардың белсенділерінің арасынан кадрларды ілгерлетіп, өсіру жүйесі жоқ.

**Бүгінгі таңда іске асырылып отырған жастар саясатына мақсаттарға және бюджет қаражатын шығындаудың тиімділігіне қол жеткізу жағынан баға беру іс жүзінде мүмкін емес.** Қазіргі уақытта жастармен және МЕҰ-мен жүргізілетін жұмыстың тиімділігі, қажеттігі мен көкейкестілігіне баға берерлік **нақты стандарттар мен өлшемдер жоқ.** Сондай-ақ, МЕҰ-ның мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыруының сапасына мониторинг жүргізу мен баға берудің жүйесі жоқ. Бұл факторлар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңда көрсетілген салалық міндеттердің ауқымды спекторын шешуге жастар ұйымдарының жұмылдырылмауына әкеп соғады.

Қалыптасқан жағдайды болдырмас үшін **«Жас Отан» Жастар қанатының стратегиясын** әзірлеу қажетті шара болып табылады. Бір жағынан, жастардың ең «әлсіз» санатын әлеуметтік қорғау шаралары, екінші жағынан, жастардың интеллектуалдық, рухани және еңбек ету әлеуеттерін дамыту үшін қажетті жағдайларды жасау осы құжатта қарастырылуы тиіс.

«Жас Отан» Жастар қанатының көмегімен жас азаматтарымыздың қуаты ұйымдастырушылық бағыт алып, мемлекет жастарға артып отырған үмітпен корреляциялануы қажет. Стратегия жалпы мемлекеттік міндеттерді шешуде жастардың қуаты жасампаздық өз қолданысын таба аларлықтай жолдарды ұсынуы керек.

Қазақстан жастарының өзекті мәселелері және оларды Іс-әрекеттер стратегиясы шегінде шешу үшін басыңқы әрекеттер аясына шоғырландырылған: ұйымдастыру – жастардың мықты саяси ұйымын құру; қызықтыру – жастар үшін жаңа әлеуметтік жобалар мен бастамаларды әзірлеу; жұмылдыру – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешуге жастарды тартудың жолдарын ұсыну.

### **3. «Жас Отан» ЖҚ миссиясы**

«Елді дамытуда жаңашыл серпілісті қамтамасыз ету мақсатында ұлт Көшбасшысының саясаты тұғырнамасында Қазақстан жастарын біріктіру».

### **4. «Жас Отан» ЖҚ мақсаты**

«Өзінің артынан жастарды ерте аларлық мықты әрі беделді саяси жастар ұйымын құру».

## **5. «Жас Отан» ЖҚ міндеттері**

«Жас Отан» ЖҚ өз миссиясын орындау үшін және негізгі мақсаттарына қол жеткізуі үшін көрсетілген кезеңде өз жұмысының негізгі бағыттарын анықтайтын бірінші кезектегі бірқатар міндеттерін іске асыруы қажет.

**5.1. Партия Көшбасшысы – ел Президентінің саясатына қолдау көрсетуге жастарды біріктіру.** Осы міндеттердің шегінде жастарды мемлекеттік-саяси негізде біріктіруді, жастардың партияға деген сенімін арттыру бойынша кешенді шаралардың әзірленуін, жастар арасында Партия Көшбасшысы – ел Президентінің беделін нығайтуды қамтамасыз ету қажет.

**5.2. Жастарды дамытудың тиімді жүйесін жасау.** Ел жастарының әлеуметтік-экономикалық, азаматтық, саяси және басқа да қоғамдық маңызды белсенділіктің позитивті тәжірибесін жинақтау процесіне «Жас Отан» ЖҚ-ның тиімді қатысуын қамтамасыз ететін шаралардың кешенін әзірлеу қажет.

**5.3. Жастардың құқықтары мен мүддесін қорғау**  
«Жас Отан» жастар қанаты өз күшін жастар үшін қолданыстағы заңнамада қарастырылған құқықтар мен мемлекеттік кепілдіктерді іске асырудың толықтығы мен сапасын қамтамасыз етуге шоғырландыруы қажет.

**5.4. «Жас Отан» ЖҚ қызметіне жастардың ауқымды жігін жұмылдыра отырып, «Нұр Отан» ХДП әлеуметтік базасын кеңейту.** Жастар арасында партия мүшелерінің санын көбейтуді қамтамасыз етіп, партия мақсаттарына қол жеткізуде олардың әлеуетін тиімді пайдаланудың механизмін әзірлеу қажет. «Жас Отанның» қызметіне басқа да жастар ұйымдары мен қоғамдастықтарын тарту керек.

**5.5. Партия мен мемлекеттік органдар үшін кадрлық резерв қалыптастыру.** Партия мен мемлекеттік билік органдары үшін кадрлық толықтыруларға лайықты жас көшбасшыларды іздеп табу, дайындау және рекруттеу жүйесін құру қажет.

Жалпы, қойылған міндеттерді іске асыру жастардың ең маңызды мәселелерін шешу бойынша нақты әрі көзге көрінерлік жетістіктерге қол жеткізуге және бұдан әрі олардың нәтижелерін жастар арасында партияның имиджін нығайту үшін қолдануға мүмкіндік береді.

## **6. Іс-әрекеттер стратегиясын іске асыру механизмдері**

«Жас Отан» ЖҚ-ның Стратегиясын жүзеге асыру келесі жалпы әдіс-тәсілдерді қарастырады:

1) Жастар саясатын қалыптастыру және іске асыру бойынша «Жас Отан» ЖҚ-ның іс-әрекеттерін мемлекеттік және қоғамдық институттармен үйлестіру. Осыған орай «Жас Отан» ЖҚ «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге өзгертулер мен толықтырулар

енгізуге бастама жасауды қарастырады. Жастар саясатын жүйелі дамыту үшін – биліктің атқарушы тармағындағы органдардың стратегиялық жоспарларына енгізу – салалар мен аймақтарды дамытуға жастарды жұмылдыру;

2) жастар саясатының өзекті мәселелері бойынша Парламентте және мәслихаттарда қоғамдық тыңдаулар өткізу, жастар саясатының іске асырылуына қоғамдық бақылау ұйымдастыру;

3) нормативтік құқықтық құжаттардың жобаларына қоғамдық сараптама жасау.

### **6.1. Партия Көшбасшысы – ел Президентінің саясатына қолдау көрсетуде жастарды біріктіруді қамтамасыз ететін механизмдер:**

Партия Көшбасшысы – ел Президентінің саясатын белсенді насихаттау және түсіндіру, мемлекетті мен қоғамды демократияландыру процесіне қатысу;

көпшілік және локалды патриоттық акцияларды әзірлеп, өткізу арқылы жастарды патриоттық тәрбиелеу, патриоттық тақырыпта және балалар мен жастар үшін әдебиеттер мен музыкалық шығармалар әзірлеу бойынша байқаулар өткізу және басқалары;

жастарды адамгершілікке тәрбиелеуге, гуманизм, үлкендерге (ардагерлерге, ата-аналарға) құрмет көрсету идеяларын ілгерілетуге, еңбек құндылықтарын арттыруға бағытталған «Жастар - Отанға» партиялық бағдарламасын әзірлеу және қабылдау;

еліміздің мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, Әнұран және Туға деген құрметті насихаттау, сондай-ақ мемлекеттің мызғымас нышаны болып табылатын мемлекеттік тілді жастар арасында тарату;

Қазақстан халқы Ассамблеясымен жастардың арасында ұғымында ұлтаралық келісім мен дін аралық бейбітшілік құндылықтарын сақтап, нығайтуға бағытталған ынтымақтастықты белсенді дамыту;

Отан қорғаушылардың осы заманғы бейнесін қалыптастыру және жасөспірімдер арасында әскери қызмет етудің беделін көтеру;

жастар арасында оқу орындарындағы жемқорлық көріністеріне деген төзімсіздікті қалыптастыру;

партияға деген сенім шараларын пысықтап, іске асыру, соның ішінде партияның халықтық тұғырнамасы мен бағдарламасын толық орындау, жастар парламенті мен мәслихаттарының қабылдау бөлмелерін ашу, оппозициялық жастар ұйымдарының мүшелерімен олардың күш-жігерін сындарлы арнаға бағыттау үшін жұмыс жүргізетін алаңдарды құру;

- әр түрлі мемлекеттік органдар және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық орнату арқылы жастардың қоғамдық белсенділігінің жаңа нысандарын іздеу және ұсыныс беру;

- еліміздегі жұмыс істейтін негізгі жастар ұйымдарын Жастар қанатының қызметі мен құрылымына қатарластыру, сондай-ақ проблемалық

топтарда (жұмысшы, ауыл жастары, қауіпті топтар) жаңа жастар ұйымдарын ашу.

## **6.2. Жастарды дамытудың тиімді жүйесін құруды қамтамасыз ететін механизмдер:**

білім беру және оқыту, тәрбиелеу, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, қоғамдық қызмет, жанұя, ойын-сауық секілді бірқатар басым бағыттар бойынша жастармен жұмыс жүргізудің жаңа тәсілдерін енгізу;

жастар саясаты саласында нормативтік құқықтық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеп, қабылдауға бастама жасау, сондай-ақ оның жұмысына қатысу;

жастардың әлеуметтік, оның ішінде аз қамтамасыз етілген жастарға арналған инфрақұрылымның мемлекеттік стандарттарын енгізу бойынша шаралар әзірлеу және қолдану (аула клубтары, спорт залдары, стадиондар, фитнес-орталықтар, кітапханалар, Интернетке шығу нүктелері, жас жанұяларға арналған жатақханалар);

әр жас азаматқа салауатты өмір салтын насихаттау, дене денсаулығын және рухани құндылықтарын көтеру бойынша шаралар жүйесін әзірлеп, іске асыру;

жастардың бойында құндылықтарды қалыптастырып, дамудың позитивті бағдарын құру жүйесіне «Жас Отан» ЖҚ-ның белсенді ықпал етуі, жағымсыз әлеуметтік ықпалдардың алдын алу;

мемлекеттік, партиялық және қоғамдық институттардың шегінде жастар бастамаларына қолдау көрсету және іске асырудың қолданыстағы жүйесін жетілдіру;

жастарды дамытудың қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларын бақылау, қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін анықтау мақсатында жастар арасында қоғамдық мониторинг жүйесін құру;

«Жас Отан» ЖҚ-ның қатысуымен мына құжаттар әзірленіп, қабылданатын болады:

- Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы;
- Азаматтарды патриоттыққа тәрбиелеудің мемлекеттік бағдарламасы;
- Жастар саясатының мемлекеттік бағдарламасы;
- Жас отбасыларына және жастар жүзеге асырып отырған кәсіпкерлікке қолдау көрсету бойынша салалық бағдарламалар;

- «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңының заң актілері;

- Жастар инфрақұрылымын дамыту бойынша республикалық және аймақтық инвестициялық бағдарламалар.

«Ауылды елді мекендердегі әлеуметтік сала қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету және ынталандыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына ауылды жерлерге, әсіресе, әлеуметтік саладағы мекемелерге жұмыс істеуге келген мамандарға (мұғалімдер, дәрігерлер, мәдени қызметкерлер, жаттықтырушылар, әлеуметтік саладағы қызметкерлер және т.б.) әлеуметтік

қолдау көрсету және ынталандыру шараларын қолдануға байланысты ұсыныстар дайындалады.

«Өмірге жолдама», «Екпінді құрылыс - серпінді жобалар», «Өз бизнесінді аш!», «Өз үйінді сал!» сияқты арнайы жобалар іске асырылатын болады.

Жалпы, осы міндетті іске асыру жастардың қызықты да мәнді өмірін қамтамасыз етуге, олардың қазақстандық патриотизм құндылықтарына негізделген көзқарасын, өз еліне, оның азаматтарына, қоғамға және жалпы мемлекетке деген позитивті көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

### **6.3. Жастардың құқықтары мен мүддесін қорғауды қамтамасыз ететін механизмдер:**

- жастар және мемлекет арасындағы кері байланыстың тиімді жүйесін қамтамасыз ету;

- жастар арасында құқықтық мәдениетті және сауаттылықты арттыру;

- жастар арасындағы проблемаларды шешу процесіне жас азаматтарды тарту;

- жастар кәсіпкерлігін және жастардың іскерлік белсенділігін дамытуға атсалысу;

- мемлекеттік саясатты жастарға жеткізудің тиімді механизмдерін құру, мемлекеттік шешімдер мен жобаларды түсіндіру және ақпарат беру;

- Парламент және мәслихаттардың «Нұр Отан» ХДП-сы атынан сайланған жас депутаттарының қызметі, жастардың түрлі әлеуметтік топтарымен тұрақты кездесулер ұйымдастыру, негізгі мәселелер бойынша көпшілік тыңдауларын өткізу;

- азаматтық қоғам институттарымен, соның ішінде жастар ұйымдарымен келісімді дамыту;

- Президенттік Жолдаулар мен партия Бағдарламасының негізгі қағидаларын талқылау үшін «келісім алаңдарын» дамыту арқылы Үкіметтің, орталық және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңестердің қызметін жетілдіру.

Үкімет жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңес мемлекеттік жастар саясатын қалыптастырып, іске асыру бойынша Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы билік органдарымен келісілген әрекеттерді қамтамасыз етуде айрықша роль атқаратын болады.

Қолданылған шаралар жастардың қоғамдық санасында келесі идеологемді бекітуге жағдай жасайды: «Жас Отан» - жастар өз проблемаларының барлығын соның көмегімен шеше алатын ұйым».

Республикада жастардың барлық топтарының әлеуметтік жағдайының айқын мониторинг жүйесі, жастардың құқықтарына кепілдік берілген заңнама нормаларының барлық салаларын (білім алу, денсаулық сақтау, еңбек және жұмыс істеу, әлеуметтік қорғау, ойын-сауық) сақтау оң жолға қойылады. Институттар ашылып, барлық деңгейде жастардың құқықтарын ілгерлетіп, қорғау үшін тиісті жағдай қамтамасыз етілетін болады.

**6.4. «Жас Отан» ЖҚ қызметіне жастардың ауқымды жігін тарту арқылы «Нұр Отан» ХДП әлеуметтік базасын кеңейтуді қамтамасыз ететін механизмдер:**

- «Нұр Отанға» жас көшбасшыларды рекруттеудің және жастардың ауқымды жігін партияның қызметіне тартудың жүйесін құру;

- жас партия мүшелерінің өмірде өз орындарын табуға жағдай жасау, жастарды партия құрылымдарына және мемлекеттік билік органдарына тарту. Партия қызметіне атсалыса отырып, жастар азаматтық және әлеуметтік белсенділік тәжірибесін жинақтайды, саяси қызметке қатысу дағдысын меңгереді;

- жастардың маңызды мемлекеттік міндеттерді шешуге қатысу механизмдерін жасау;

- мемлекеттік және партиялық саясатты трансляциялау мақсатында жастармен араласу арналарын кеңейту, қолданылып жатқан шараларды және іске асырылып жатқан бағдарламалар мен жобаларды түсіндіру;

- жастардың барлық топтары мен әлеуметтік жіктеріне бағытталған бастауыш ұйымдарды жаппай құру. Оқу орындар, өнеркәсіптік кәсіпорындар және басқа да жастар ұйымдарының жанындағы жастар ісі жөніндегі комитеттермен «Жас Отан» ЖҚ аймақтық филиалдарының тығыз өзара қарым-қатынасын орнату;

- жастарды оқыту және саяси ағарту жүйесін ұйымдастыру.

**6.5. Партия мен мемлекеттік органдар үшін кадрлық резервті қалыптастыру келесі механизмдер арқылы жүзеге асырылатын болады:**

- Партия мен Жастар қанатының құрылымында, сондай-ақ серіктес ұйымдарда жұмыс істейтін барлық белсенді және қабілетті партия мүшелері мен оны жақтаушыларды есепке алу;

- резервтің кәсіптік деңгейін арттыру бойынша шаралар әзірлеу, оқыту және тағылымдамадан өту жүйесін ұйымдастыру, партияның және мемлекеттік органдардың басшы лауазымдарына кандидатураларды ұсыну;

- «Нұр Отан» ХДП Партиялық оқу орталығының базасында партияның жас мүшелері үшін тұрақты мектептер ұйымдастыру;

- мемлекеттік басқару үшін, бизнес пен қоғамдық қызмет саласы үшін осы заманғы және тиімді басқарушылардың жаңа генерациясын құру;

- Жастардың кадрлық резерві, жастар үкіметі және жастар парламенті жобаларын іске асыру.

**7. «Жас Отан» ЖҚ іс-әрекеттері стратегиясын жүзеге асыру кезеңдері**

**Бірінші кезең 2008-2009 жылдар – ұйымдық жұмысты жетілдіру және «Жас Отан» ЖҚ-ның жаңа ұстанымдарын белгілеу**

*Басты бағдарлар:*

«Жас Отан» ЖҚ-ның ұйымдасу-құқықтық нысанын айқындау, белсенді, адал жас көшбасшыларды рекруттеу, «Жас Отан» ЖҚ ребрендингі, саяси ұстанымдар ұстану;

- әлеуметтік саладағы жағымсыз таңдау-баламаларды және қауіптерді зерттеу;

- жастардың негізгі қажеттіктерін қанағаттандырудың жағымсыз тәсілдермен бәсекеге түсе алатын позитивті әлеуметтік өнімдерді жасау;

- жалпымемлекеттік маңызды міндеттерді шешуге қатысу үшін жастардың басын біріктіруге бағытталған жобаларды әзірлеу және оларды іске асыру.

**Екінші кезең 2010-2011 жылдар - негізгі стратегиялық бағыттар бойынша «Жас Отан» ЖҚ әлеуетін іске асыру**

*Басты бағдарлар:*

- «Жас Отан» ЖҚ мүшелері үшін арнайы және корпоративтік жобаларды іске асыру. «Нұр Отан» ХДП-ға серіктес үкіметтік емес ұйымдар бастама жасаған әлеуметтік-маңызды жобаларды қолдап, ілгерлету. Жастар саясатын қалыптастырып, іске асыру бойынша мемлекеттік және қоғамдық институттармен жүйелі түрде өзара қатынас жасау;

- позитивті әлеуметтік өнімді насихаттау бойынша жастар ұйымдарының күнделікті жұмысы мен ауқымды әлеуметтік жарнаманың көмегімен жағымсыз құндылықтарды позитивті құндылықтармен белсенді алмастыру;

- жалпымемлекеттік маңызды міндеттерді шешуге қатысу үшін жастардың басын біріктіру жобаларын кеңінен және жаппай енгізу.

## **8. Іс-әрекеттер стратегиясын іске асырудан күтілетін нәтижелер**

«Жас Отан» ЖҚ-ның іс-әрекеттер стратегиясын іске асыру жастар саясаты саласында мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік жасайды. Елде жастар жағдайын жақсарту бойынша және оларды мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге жұмылдыру бойынша іс жүзіндегі қадамдарды іске асырушы көшбасшы ретінде қоғамда партияның және Жастар қанатының беделі арта түседі.

2011 жылға қарай «Жас Отан» ЖҚ:

- дамыған ұйымдасушылық құрылымға ие болады;

- Жастар қанатының барлық деңгейдегі басшыларының ротациясы жүйесі арқылы Қазақстан жастарының кадрлық әлеуеті тиімді іске асыратын болады;

- Қазақстан жастарының барлық әлеуметтік топтары арасында жоғары беделге ие болады;

- елімізде және шетелдерде танымал әлеуметтік брэндке айналады;

- өз жұмысына елімізде нақты жұмыс істейтін жастар ұйымдарының 90%-на дейін біріктіретін болады;

- негізгі оппозициялық жастар ұйымдарымен қарым-қатынас орнататын болады;

- мемлекеттің жастар саясатын іске асыруда үйлесімді әрекеттерді қамтамасыз ету бойынша барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен жүйелі түрде жұмыс жүргізеді.